«Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық
өнер университеті» РММ ректорының
2026 жылғы «28» қаңтардағы
№ 310-нқ бұйрыққа 1-қосымша

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті» республикалық мемлекеттік мекемесінің оқу-әдістемелік кеңесі туралы

ЕРЕЖЕ

1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы Оқу-әдістемелік кеңес туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университетінің» республикалық мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі – Университет) оқу-әдістемелік кеңесінің негізгі міндеттерін, функцияларын, қалыптастырылу тәртібін және өкілеттіктерін айқындайды.

1.2 Ереже мынадай нормативтік-құқықтық құжаттарға сәйкес әзірленді:

- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» Заңына;

1) Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына;

2) Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына;

3) Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 25 тамыздағы № 236 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасау, құжаттаманы басқару және электрондық құжат айналымы жүйелерін пайдалану қағидаларына;

5) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына;

6) Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2025 жылғы 1 сәуірдегі № 157 бұйрығымен бекітілген Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарындағы алқалы басқару органдарының жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидаларына;

7) Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің 2025 жылғы 7 сәуірдегі № 145-НҚ бұйрығымен бекітілген Мәдениет саласындағы білім беру ұйымдарында оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларына;

8) Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің м.а. 2024 жылғы 13 желтоқсандағы № 594-НҚ бұйрығымен бекітілген «Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ -нің Жарғысына;

9) «Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ -нің 2025 жылғы 23 сәуірдегі Ғылыми кеңес шешімімен, № 9 хаттамамен бекітілген Академиялық саясатына.

1.3 Оқу-әдістемелік кеңес (бұдан әрі – Кеңес) – қызметі өз құзыретіне кіретін мәселелерді ашық және ұжымдық талқылау қағидатына негізделетін Университетті басқарудың алқалы органдарының бірі.

2 КЕҢЕСТІҢ НЕГІЗГІ МАҚСАТТАРЫ, МІНДЕТТЕРІ ЖӘНЕ ҚҰЗЫРЕТТЕРІ

2.1. Кеңес қызметінің мақсаты – білім беру сапасын арттыру үшін оқу және әдістемелік процесті жетілдіру, жоспарлау және үйлестіру.

2.2. Кеңестің негізгі міндеттері:

2.2.1. оқу-әдістемелік қамтамасыз ету және үйлестіру – білім беру процесіне бірыңғай тәсілдерді қамтамасыз ету үшін Университеттің құрылымдық бөлімшелерінің оқу-әдістемелік жұмысына жалпы басшылықты жүзеге асыру және оны келісу;

2.2.2. академиялық сараптама – негізгі оқу-әдістемелік құжаттаманы, оқу-әдістемелік әдебиетті және қабылдау емтихандарының бағдарламаларын бағалау, қарау және бекітуге ұсынымдар беру;

2.2.3. әдістемелік бақылау және талдау – оқу-әдістемелік комиссиялар мен академиялық комитеттердің жоспарлары мен қорытынды есептерін талдау арқылы олардың қызметін мониторингтеу және бағыттау;

2.2.4. инновацияларды енгізу және тәжірибені тарату – Университетте жаңа білім беру технологияларын, оқытудың заманауи әдістерін енгізу және озық педагогикалық тәжірибені тарату бойынша жұмысты ұйымдастыру;

2.2.5. кәсіби шеберлікті жетілдіру – педагог қызметкерлердің білімін үздіксіз жаңарту және біліктілігін арттыру үшін бейінді әдістемелік іс-шараларды (семинарлар, конференциялар, шеберлік сыныптарын) ұйымдастыру, оның ішінде дарынды балалар мен жастарды анықтауға, қолдауға және дамытуға, өскелең ұрпақты эстетикалық тәрбиелеуге, ең нәтижелі тәжірибені анықтауға және таратуға, көркем мәдениетті сақтауға және дамытуға бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру;

2.3. Негізгі міндеттерге сәйкес Кеңестің құзыретіне мыналар жатады:

2.3.1. білім беру процесін ұйымдастыруға бірыңғай тәсілдерді қамтамасыз ету үшін Университет деңгейінде оқу-әдістемелік жұмысты жалпы үйлестіруді жүзеге асыру;

2.3.2. негізгі оқу-әдістемелік құжаттаманы қарау, сараптау және бекітуге ұсыну;

2.3.3. білім беру бағдарламаларын әзірлеу бойынша Университеттің академиялық комитеттерінің қызметін бақылау және үйлестіру, оның ішінде олардың есептерін тыңдау және бекіту;

2.3.4. факультеттердің оқу-әдістемелік комиссияларының қызметін бақылау және бағыттау, оның ішінде олардың жылдық жоспарларын қарау және бекіту және қорытынды есептерін талдау;

2.3.5. Академиялық мәселелер жөніндегі қызметтің бейінді бөлімшелерімен олардың қызметін оқу-әдістемелік сүйемелдеу мәселелері бойынша әдістемелік өзара іс-қимылды жүзеге асыру;

2.3.6. оқу және оқу-әдістемелік әдебиетті, оқу-әдістемелік құралдарды жоспарлау, сараптауды ұйымдастыру және басып шығаруға ұсыну;

2.3.7. Университетте оқытудың жаңа технологияларын, әдістерін, құралдарын енгізу және қолданыстағыларын жетілдіру бойынша жұмысты ұйымдастыру;

2.3.8. оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жетілдіру бойынша озық педагогикалық тәжірибені жинақтау және тарату;

2.3.9. қабылдау (шығармашылық) емтихандарының бағдарламаларын қарау, білім беру бағдарламаларының тізбесін жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды талқылау, сондай-ақ магистратура және докторантураның білім беру бағдарламаларына түсу үшін қажетті пәндер-пререквизиттер тізбесін бекітуге ұсыну;

2.3.10. қызметкерлердің теориялық және практикалық білімдерін жаңартуға және оқу-әдістемелік жұмысты жетілдіруге бағытталған оқу-әдістемелік кеңестерді, семинарларды, оқу-әдістемелік конференцияларды және шеберлік сыныптарын ұйымдастыру және өткізу;

3 КЕҢЕС ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

3.1 Кеңестің құрамын Университет құратын Комиссия сайлайды.

3.2 Кеңестің құрамына Университет басшысы, басшының орынбасарлары, құрылымдық бөлімшелердің басшылары, профессор-оқытушылар құрамының, Университеттің студенттік және қоғамдық ұйымдарының өкілдері, жұмыс берушілер кіреді. Құрам Кеңестің міндеттері ескеріле отырып қалыптастырылады және кемінде жеті адамнан тұрады.

3.3 Кеңестің құрамы Университет ректорының бұйрығымен бекітіледі.

3.4 Кеңес төрағасы Кеңес мүшелерінің ішінен көпшілік дауыспен сайланады.

3.5 Кеңес төрағасының орынбасары Кеңес мүшелерінің ішінен көпшілік дауыспен сайланады. Кеңес төрағасы болмаған кезде оның міндеттерін төрағаның орынбасары атқарады.

3.6 Хатшы Кеңес мүшелерінің ішінен ашық дауыс беру арқылы сайланады және Кеңестің іс жүргізуін жүргізуге жауап береді.

3.7 Кеңестің жұмысы Кеңес отырысында қабылданған және Университет ректоры бекіткен жылдық жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырылады. Бекітілген жоспар Университеттің ресми интернет-ресурсында орналастырылады.

3.8 Кеңестің отырысы кемінде екі айда бір рет өткізіледі.

3.9 Кеңес отырысында қаралған мәселелердің нәтижелері бойынша қатысып отырған мүшелердің көпшілік даусымен Кеңестің ұсынымдары қабылданады және хаттамамен ресімделеді. Кеңес отырыстарының хаттамалары мен шешімдеріне Кеңес төрағасы мен хатшысы қол қояды. Дауыстар тең болған жағдайда, Төрағаның дауысы шешуші болып табылады. Отырыс хаттамасын Кеңес хатшысы отырыстан кейін 3 жұмыс күні ішінде жасайды. Хаттамаға Төраға, хатшы және дауыс беруге қатысқан Кеңестің барлық мүшелері қол қояды және (немесе) отырысқа қатысқан Кеңестің барлық мүшелері қол қойған қатысу парағы қоса беріледі және Университеттің ресми сайтында орналастырылады. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, Кеңестің шешімі ұсынымдық сипатта болады.

3.10 Кеңес отырыстарына Кеңес мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысқан кезде отырыс заңды болып есептеледі. Кеңес мүшесі дәлелді себеппен отырысқа қатыса алмайтындығы туралы төрағаға алдын ала хабарлауға тиіс.

3.11 Кеңестің әрбір мүшесі Кеңестің барлық отырыстарына қатысуға, оның жұмысына белсенді қатысуға, өзіне жүктелген тапсырмаларды уақтылы және дәл орындауға тиіс.

3.12 Кеңес төрағасы Кеңес отырыстарының күн тәртібін бекітеді, Кеңес шешімдерінің орындалуын бақылайды.

3.13 Кеңес төрағасы жылына бір рет Университеттің Ғылыми кеңесінің алдында қызмет нәтижелері туралы есеп береді.

3.14 Кеңес хатшысы отырыстарды дайындауды және өткізуді ұйымдастырады, отырыстардың хаттамалары мен Кеңес құжаттарының сақталуын қамтамасыз етеді.

3.15 Отырысқа келген Кеңестің әрбір мүшесі Кеңес хатшысы дайындаған қатысу парағына өзінің деректерін (тегі мен аты-жөнінің бас әріптерін) жазуға тиіс.

4 ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

4.1 Осы Ереже Университет ректоры бекіткен күннен бастап күшіне енеді және жаңа Ережемен ауыстырылғанға дейін қолданылады.